

БАЙСАРИЕВА Г.О., Отырар

мемлекеттік археологиялық  
қорық-музейінің аға ғылыми  
қызметкері:



### ТУРИЗМГЕ ЖАНА ӨРІС АШУ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында қазіргі жаһандану заманында Қазақстан халқының санасын жана бйікке көтеру жолдары, яғни ынтымақ-бірлігін арттырудың, патриотизмді нығайту, салт-дәстүрімізді, мәдениетіміз бен бірелей ұлттық қолдымызды сақтау сияқты маңызды басымдықтар қарастырылған.

Мақалада «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтарына» түсінік берілген. «Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешені, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алғайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлер-ді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды мензейді. Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлт-тық бірелейлігінің мызғымас негізін құрайды» деп жазды президентіміз. Бұл Елбасының шетелеп көрсетуінше аталған тарихи орындар - «ұлттық бірелейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі».

«Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтарының» біздің еліміз үшін маңыздылығының өзектілігін Елбасы тағы бір қырынан шетелеп көрсеткен: «Біз

жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтаншымыздың қайнар бұлағы».

Осы құндылықтарды таныту үшін Елбасы «Ішкі және сыртқы мәдени туризм халқымыздың осы қистерлі мұраларына сүйенуге тиіс» - деп бағыт бағдар береді.

Туризмді дамыту қазіргі кезде кез келген оркениетті мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Туризм әуесқойлар тіршілігінен ХХ ғасырдың екінші жартысында көптеген елдердің экономикасының елеулі секторына айналды. Бұл саланы дамыта білген мемлекеттер туризмнен түсетін пайданың экологияны ластайтын мұнай өнеркәсібінен түсетін пайдадан жоғары екеніне көздері әбден жетті. Мамандардың пікірінше, ХХ ғасырдың аяғында әлемдік мемлекеттер ішінде туризм мықты дамыған елдер қатарында Франция, АҚШ, Испания болған болса, 2020 жылғы барлық мүмкіншілігін дамытуға жұмсап отырған Қытайды туризм саласы бойынша бірінші орынға шығалды деген жорамал айтылады. 2020 жылға жасалыншып отырған болжамға қарағанда Қытайға бір жылда 130 млн. турист, Францияға 106 млн., АҚШ-қа 102 млн., Испанияға 74 млн. шетелдік турист келеді деп күтілуде. Шетелдік туристерден



Мемлекет қазынасына қыруар қаражат түсетіні баршаға аян. Кейбір есептер бойынша дамыған елдерде туризм саласына салынған әрбір 1 АҚШ доллары 3,5 доллар болып еселеніп қайтады екен. Туризмнің дамуын Түркістан облысындағы Отырар ескерткіштеріне келіп-кетушілер санының артып отырғанынан байқауға болады. Айталық, Кенес Одағы кезінде 1980-1990 жылдары Отырар музейіне келушілер саны тұрақсыз, әр жылда әртүрлі, небәрі 2 мыңнан 7,5 мыңға дейін баратын. Егемендік алған соң, Отырар қорық-музейі нысаналарына жыл сайын 1991 жылдан 1997 жылдар аралығында келушілер саны 18 мыңнан 38 мыңға дейін өсті. Әсіресе, соңғы жылдары туристер санының күрт өсуі байқалады. Отырар жәділері мен музейге 2000 ж. - 38316 турист, 2001 ж. - 55878, 2002 ж. - 92397, 2003 ж. - 98185, 2004 ж. - 127946, 2005 ж. - 120000, 2006 ж. - 92488, 2007 ж. - 120300, 2008 ж. - 230883, 2009 ж. - 170559, 2010 ж. - 152869, 2013 ж. - 136541, 2016 ж. - 184102, 2017 ж. - 313106 турист келген. Бұлардың басым бөлігі өз азаматтарымыз, мектеп оқушылары. Отырардай тарихи орындармен танысу мектеп оқушылары мен жастарға отансүйгіштік сезімдерді тәрбиелеуге және туған елінің тарихы мен мәдениетін, ата-баба дәстүрін тануға қызығушылық туғызатыны хақ. «Ұлы әл-Фарабидің туған жерінде болып қайттық» деген мақтаншптың өзі Отанға деген сүйіспеншілікті арттыра түспей ме? Астанада көптен күткен адамзаттың болашақ энергиясын қамтыған Ғылым мен техника жетістіктерінің халықаралық көрмесі - ЭКСПО-2017 жоғары деңгейде және зор табыспен өтті. Жаппы



көрмені 4 миллионға жуық қазақстандық аралап көріп, олардың ішінде 180 мемлекеттен келген жарты миллион адам тамашалады. ЭКСПО-2017 көрмесі Оңтүстік Қазақстан аймағына қосымша турист келуіне әсер етті. Облыс әкімі Ж.К. Тұймебаевтың көрсетуінше ЭКСПО-2017 көрмесінің арқасында оңтүстікке 151 мың турист келді. Ең көп саяхаттайтын нысандар Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Арыстан баб, Домалақ ана, Ақмешіт үңгірі, Ақсу Жабағлылы қорыты. Қожа Ахмет Ясауи кесенесін өткен жылы 1 млн. көрермен тамашалапты.

Туризмді дамытуда музейлердің рөлі ерекше. Көп жағдай музейлердің туристік нысандарды көпшілікке тартымды ұсынуына, таныстыруына байланысты. Шетелдік туристер қазақтың тарихи туғаларын тани бермейді. Оларды тартымды ету үшін жергілікті тарихты қызықты етіп әлемдік деңгейдегі оқиғалармен байланыстыра жеткізу керек. Мысалы, Отырарда аты әлемге әйгілі Әмір Темір дүниесі салған. Еуропа халқы оны жақсы біледі. Себебі оны осман түріктерінен Еуропаны құтқарған туғал ретінде таниды. Әмір Темір Түркия жерінде түрік билеушісінің әскерін жеңіп, сұлтанның өзін тұтқында алған. Осыдан түрік әскерлерінің Еуропа бағытындағы жорықтары әлсірей түскен.

Қазақстанда Шыңғысханның үлкен ұлы - Жошының мазары бар. Мұны шетелдік туристер біле бермейді. Естіген туристің өзі бұл рас па? -деп оған дәлелдер сұрайды. Музей экскурсоводтары осыған байланысты айғақтарды жеткізе айтып түсіндіре ала ма? Бұған көп ізденіс, зерттеу қажет. Гидтеріміздің дайындығына ерекше назар аудару керек. Көрме нәтижелерінде ерекше, есте қаларлық тартымды

экспонаттар болуы тиіс. Туристік нысандарды танытуда ұсақ-түйек болмауы тиіс. Кейбір музейлер экспозициялық залдарында фотосуреттер түсіруге рұқсат бермей, туристердің ренішін тудырады. Ескерткіштердің ең көріктілерін көрсете білу, оларды туристік нысан ету қазіргі кездегі басты мақсат. Оңтүстік Қазақстан облысының туристік нысандарды танытуда әсіресе ЭКСПО-2017 көрмесі барысында көрікті жерлер бейнеленген 25 сурет көрмесі өте орынды болды. Фотографтар түсірген Қожа Ахмет Ясауи мен Арыстан баб, Қарашаш ана кесенелері, Көне Отырар мен Сауран қалаларының, «Ақмешіт» үнітрі бейнелері тартымды болды. Оны тамашалауға 100 елден келген қонақтар қатысыпты. Олардың қатарында ЭКСПО комиссарлары мен орынбасарлары, көрмелердің халықаралық бюросының делегаттары мен павильон директорлары, дипломатиялық өкілдік басшылары және халықаралық ірі компаниялардың иелері бар. Мұндай көрме жасау аймақтағы туристік нысандарды танытудың тамаша амал-тәсілі. Біздің ойымызша Қазақстанның барлық аймақтарының көрікті жерлерінің фотосуреттерін туристер көп келетін Астана мен Алматының көрме залдарына, музейлеріне қою керек. Қазақстанда осындай мықты туристік нысандар барын түрлі жолдармен жеткізіп насихаттау керек.

Қазақстандықтардың едәуір бөлігінің ЭКСПО-2017 көрмесін барып көруіне жергілікті билік өкілдері мен «НұрОтан» партиясының филиалдары жағдай жасағанының пайдасы зор болды. Басқа елдердің тарихында ғылым мен техникаға арнаған

музейлерді жастар көріп тамашалау үшін тіпті күштеп жіберу амалдары болғанын көпшілік біле бермейді. Мысалы, сонау 1910 жылы Германиядағы Мюнхеннің ғылым мен техниканың жетістіктерін көрсететін музейге 300 000 адам барыпты. Олардың ішінде жастарды апару басты міндет болған. Қаладағы әрбір 10 жасстан асқан оқушылар ұйымдастырған түрде мұғаліммен жылына бір мәрте бару міндеттелген болатын. Германияның әрбір аймағынан фабрика мен зауыт жұмысшылары, училище мен гимназияның жоғары курс оқушылары жоспарлы түрде жіберіліп отырған. Және олар жәй барып қалдырып қайту емес. Барып қайтқан әрбір оқушы көрген білгені жөнінде міндетті түрде жазбаша есеп жазып тапсыруы талап етілді. Жазған эсселері іріктеліп ең таңдаулылары марапатталып отырған. Осылай жастарды күштеп ғылымға, техникаға баулау шаралар арқасында Германияның әлемдегі ең мықты, дамыған мемлекеттер қатарына қосылды. Бізде де осындай ЭКСПО - 2017 –ге барып қайтқандар арасында жазбаша есеп сұрап, ең озықтарын марапаттау керек шығар.

Туризмнің даму қажеттілігін көпшілік түсінгенмен оның жұмыс істеу механизмі, оның құрылымы бір қарағанда, бұлыңғыр болып көрінетін сияқты. Нарық тілімен ұғынықты етіп айтар болсақ, туризмде дәстүрлі саудадағыдай сатып алушы мен сатушы бар. Сатып алушы жақ деп туристерді, серуендеп демалушыларды, тамашалаушыларды, яғни дайын тұран туристік өнімді тұтынушыларды айтамыз. Екінші жақ, яғни сатушылар деп туристер пайдаланатын өнімді дайындап ұсынушыларды



## РУХАНИ ЖАНҒЫРУ



айтамыз. Жалпы туристік өнім дегеніміз базардағыдай сатып алып әкелетін бұйым емес. Туристік өнім көп жағдайда тек көзбен көріп қана қоятын, бірақ қолмен ұстауға болмайтын нәрсе. Ол адамдарды қызықтыратын, ынтасы мен құмарлығын, қызығушылығын арттыратын, ерекше сезім оятатын ғажап құбылыс десек қателеспейміз. Адам бағасының ұлтына, нәсіліне қарамай түйсіктеріне ерекше әсер ететін, ішкі сезім тұрғызатын тарих пен табиғат көріністері, әлемнің кереметтері баршылық. Міне, осылар туристік нысана болып табылады.

Туризм адам бағасының табиғатына ғана берілетін, көрсем екен, білсем екен, барып ауасын жұтсам, топырағына аунасам, тәу етсем деген ұмтылыстарын, сезімдерін қанағаттандыруға негізделген индустрия десек те болады... Оңтүстік Қазақстанда туристік нысандар көп деп жиі айтылады. Мысалы жүздеген ескі қала орындары бар. Бірақ осы көне қала орындарының 2-еуі ғана туристер қызығып көретіндей кейінде. Бұлар Отырар мен Сауран. Осыларда ғана көріп тамашалайтын қазбадан шыққан ерекше құрылыстар бар. Сауранды көргендерді тек оның қорған қабырғалары қызықтырмайды. Ондай бекіністер әлемде мың сан. Көпшілікті ортағасырлық Сауран көшелерінің тастан төселгені таңғалдырса керекті. Шетелдік туристерді әлемдік тарихи тұлғалармен немесе әлемдік тарихи оқиғалармен байланысты жерлер қызықтырады. Мысалы, Отырар – бұл Фараби тұрған жер, Ақсақ Темір дүние салған қала.

Табиғи нысандардың ішінде Оңтүстік Қазақстан



## РУХАНИ ЖАНҒЫРУ



облысы Бәйдібек ауданындағы Кенестөбе ауылынан бірнеше шақырымда орналасқан Ақмешіт үңгірін ерекше айту керек. Бұл орын Шымкент қаласынан 90 шақырым жерде ғана. Үңгірдің ұзындығы шамамен 250 м, ені 65 м, бийіктігі 30 м. Алып үңгір. Бір қызығы үңгірдің күн нұры түсетін жерінде ағаштар өсіп тұр. 40 градус пилдеде үңгір іші салқын, ал қысқы аязда жылы болып келеді. Осы үңгірді ғалымдарға зерттегіп ғылыми сарптағамасын алып ерекшелігін көрсете алсақ керемет туристік нысанға айналар еді. Түркістан мен Отырарға баратын туристік бағытты Ақмешіт нысаны арқылы өткізу керек-ақ. Осы Бәйдібек аудан орталығы – Шаян елді мекенінде сақталған шығыстық үлгідегі медресе ғимараты Қазақстанның басқа бірде бір аймағында жоқ. Қайталанбас сәулет өнері туындысы, қазақ даласында байырғы медресе-университеттер осылай болған, музей ұйымдастырылса болады. Оны да жарнамалауды, туристік кәдеге жаратуды ойластыру қажет. Кейбір көркем фильмдерді түсіру үшін Бұқара мен Хиуаға шаба бергеннен төрі Шаянға барып, оның ескі ғимаратында тарихи кинолар түсіріп өз жәдігеріміздің атын шығарсақ болады. Ескі орыс деректеріне қарағанда аймақтың тағы бір табиғи ерекшелігі - күллі Орта Азия аумағында тек Қаратаудың кейбір өзендерінде ғана судың тазалығына орай шаян атты жәндік мекен еткен. Мүмкін әлде сақталған шығар. Мұны да танымдық туризмнің кәдесіне жаратса болады.

Бір қарағанда Шымкент қатардағы осы заманғы қала іспетті. Онда басқа қалалардан ерекшеленетін Қошқар ата бұлағы бар. Қай мегаполис ортасында

Шымкенттегідей ағып жатқан үлкен бұлақ – өзен бастауы бар. Шетелдіктер болса мұндай сирек табиғи жағдайды қаланың ең бірінші туристік нысаны етер еді. Ешбір құрылыс салмай табиғи кейінде тазалықта ұстап және күлші әлемге жарнамалап қалаға келетін қонақ көруге асығатын орын етуге болады.

Туристік нысанның басты құндылығы оның табиғи, тарихи пәктігінің қаз-қалпында сақталуында. Айталық, Ақмешіт үңгірі қасынан ғимараттар салсақ не карьер қазып топырағын алсақ, онда оның құндылығы кемі түседі, тіпті жоғалып кетуі де ғажап емес. Өзгерістерге ұшыратан туристік нысана жоғарыда айтылған сезімдерді оятудың орнына реніш, өкініш тұғызса, туристер бұл жерге қайтып аяғын баспайды. Тарихи ескерткішпен қатар оның айналасындағы табиғи орта өзгермеуі тиіс. Туризмнің басты қағидасы – тамашалаушы ешбір туристік нысанадан ренжінікпе, көңілі құлазып қайтпауы тиіс. Сондықтан кез-келген туристік нысана – мейлі ол көне мешіт болсын, мейлі кесене, ескі қала қалдығы, мейлі, ол қорғандар немесе табиғаты ерекше тау-жоталар, сарқырамалар мен үңгірлер – мүмкіндігінше, сол баяғы қаз-қалпында сақталуы тиіс.

Қазіргі заманда кез-келген тарихи ескерткішті қайта бұзып, қазіргі заманғы мықты материалдармен қайта тұрғызып, алтынмен аптап, күміспен қаптап қоюымызға болады. Бірақ мұндай жағдайда ол өзінің тарихи құндылығын жоғалтады, жаңа салған құрылыс ғасырлар бойы мүжілген, күн мен жел қақтаған, ата-баба қолдарының ізі сақталған көне төл

ескерткішке жетпейді, оның қасиетін азайтады, мұндай жасанды орындарға туристер бармайды, қызықпайды. Себебі, турист ескерткіштен бабалардың қолынан өткенді қолымен ұстап, олардың жасағанын көзбен көріп, басқан іздерін аяғымен басқанда ғана сол бір өткен заманмен қауышқандай болады. Сол бір заман қас-қағым сәтке оралғандай болып сезініп, содан бір керемет әсер алуы тиіс. Ескерткішті өз кейінде ұстаудың өзі бір ерекше мәселе. Сондықтан көне ескерткіштерде тек арнайы мамандардың - реставраторлар мен музей қызметкерлері, археологтардың жұмыс жүргізуіне рұқсат берілгені. Өкінішке орай соңғы кезде реставрациядан өткен деген ескерткіштерді көріп көңілің қалады. Байырғы ескерткіштер мұндай реставрациялардан соң «новодел» - жасанды, жаңа құрылыстарға айналып кетеді. Оңтүстік Қазақстан облысының Қазығұрт ауданындағы Тұрбат ауылында XII ғасырға жататын бір кесене қалдығы болған. Оның орнына жаңа бір құрылыс салынып, 800 жыл бұрынғы байырғы құрылыстан айырғып қалдық. Тұрбат ауылында, Сайрамда ескерткіштер жаңартылып, ескі сипатынан, көненің көзі болу қасиетін жоғалтып барады.

Туристік нысанға және оның айналасына қатысты кез-келген ұсақ майда өзгерістердің өзі жеті олшеніп, бірнеше елктен өтіп барып қабылдануы тиіс. Мұндай түсінікті қалыптастыруда ескерткіштерді өз дәрежесінде ұстап тұруда «Тарихи -мәдени мұра жөніндегі бағдарламаның» үлесі зор болмақ.

Туризм деген көп бөліктен тұратын үй іспеттес.



Мысалы, үйдің төбесі жабылмаса немесе терезелеріне айнек салынбаса оған жағдайы бар адам жайғаспайды. Ал турист дегеніміз, арқашанда қалтасында ақшасы бар қазіргі заманның адамы. Оның өз еңбегімен тапқан адал ақшасына есте қалатындай, аса қызықты, кейін сол сағардан оралған соң жолдастарына тамсанып, ауыз толтырып айтатындай, туристік орынға ие елге барып, әбіржімей демалып келгісі келетіні түсінікті. Яғни, туризм дамуы үшін тек туристер көретін орындармен қатар туристік инфрастрүктура - сервис дамуы қажет. Бұл дегеніміз - қазіргі заманғы аэропорттармен, темір және тас жолдар жүйесі, ішінде ажетханасына дейін жасақталған автобустар, көпжұлдызды қонақ үйлер, ресторандар мен асханалар, ағылшын тілінде сайрап тұрған экскурсовод-тілгер болуы тиіс. Туристерге барлық жағдай жасау - туризмнің басты мәселелерінің бірі. Ол өзін қызықтыратын жерді немесе елді көру үшін тиісті дәрежеде қызықтап демалып қайтқысы келеді. Ал шетелдік туристер әдетте Еуропа не Жапония сияқты бақуатты елдерден болады.

Туризм дамуында жарнама рөлі де ерекше. Нәліктен шетелдік туристердің басым бөлігін Франциядағы Париж, Түркиядағы Стамбул мен теңіз жағалаулары, Грекиядағы Афины, Қытай мен АҚШ елдері қызықтырады. Себебі, бұл елдердің тарихы мен ескерткіштері болашақ туристердің мына бала кезінен телелдидар арқылы әбден құйылған. Ал біздің еліміздің керемет ескерткіштері - Ботай мен Кент, Берел обалары мен Қозы - Көрпеш кесенесі, Манғыстаудың жерасты мешіттері, тіпті Қожа Ахмет



Мсауи кесенесі туралы жоғары деңгейде түсірілген киноларымыз бар ма? Аз. Өз дәрежесінде емес. Көп жағдайда нақты ескерткіштерді көрсетудің орнына музей диарамаларын қайталап көрсетіп отырған кинолардың несі қызық? Музейлеріміздің басым көпшілігі бір инкубатордан шыққан сөрелі дүкендер сияқты. Тақырыптық-экспозициялық жоспарлары да бір-бірінен көшіріліп алғандай ұқсас. Барлық аудандарда этноауыл жасай берсек несі қызық. Әрбір туристік нысанның ерекшелігі болуы тиіс. Әрбір музейдің қайталанбас өз келбеті болуы тиіс.

Батыс Еуропада кез-келген жағдайды пайдаланып, өз ескерткіштерін жарнамалап отырады. Айталық, Париждегі кез-келген қонақ үйде әрбір қонаққа тарихи ескерткіштер жөнінде жазылған буклеттер тетін таратылатынын, асханаларда бір мәрте пайдаланатын қатғаз салфеткаларына дейін қала ескерткіштерінің орналасу карталары мен суреттері бейнеленгені, сол елдегі туристік фирмалардың насихаты мен жарнамасының қаншалықты дәрежеде дамығандығын көрсетіп тұр. Қазақстанда түсірілетін көпшілікке арналған көркем фильмдерде тарихи орындар, кесенелер, табиғи қорықтар көрсетілуі керек. Біз тарихи және табиғи жерлерімізді насихаттауымыз керек.

Ең бастысы, туризмнің сол елдің барлық тұрғындарына табыс әкелетінін сол елдің халқы түсінген. Расында, туризмнің пайдасын салфетка шығарушыдан бастап автобус жүргізушіге дейін, қонақүйде қызмет жасайтын адамдар, ресторандарды